

# **Ата-аналарға (занды өкілдеріне) және отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға арналған консультациялық пункт туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

- 1.1. Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт сайтта және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің Құндықөл ауылының «Ә.Марғұлан атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің «Балапан» шағын орталығы ұйымдастырылады.
- 1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Консультациялық пункт ата-аналар (занды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.
- 1.4. Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі - МДБМ) жұмыс істейтін Консультациялық пункттер қызметтерін реттейді.
- 1.5. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

## **2. Консультациялық пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері**

- 2.1. Консультациялық пункті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылады.

### **2.2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:**

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі, оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға (занды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

МДБМ бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

МДБМ және балалар мен ата-аналарға (занды өкілдеріне) әлеуметтік және медициналық жәрдем беретін өзге де ұйымдар арасында өзара әрекеттестік қамтамасыз ету болып табылады.